



# Машина жасау саласы бойынша 2020 жылғы қаңтар-қарашаға арналған дайджест



САЛАНЫҢ НЕГІЗГІ  
КӨРСЕТКІШТЕРІ

## Машина жасау өндірісі көлемінің динамикасы, млрд теңге



ФКИ 2020 ж./2019 ж. қаңтар-қараша :

Машина жасау – **116,4%**Электр жабдығы – **100,4%**Басқа көлік құралдары – **179,5%**Автомобиль жасау – **152,6%**Басқа санаттарға қосылмаған машиналар мен жабдықтар – **106,3%**Еомпьютерлер, электрондық және оптикалық өнім – **95,1%**Жөндеу және орнату – **96,3%**


## Түсінік:

2020 ж. қаңтар-қарашада ақшалай көріністе өндіріс көлемі 33% өсті, нақты көріністе өндіріс 2019 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда **16,4%** өсті.

Өндіріс көлемінің өсуінің оң динамикасы мына секторларда байқалады: автомобиль жасау (+52,6%), басқа да көлік құралдары (+79,5%), басқа санаттарға қосылмаған машиналар мен жабдықтар (+6,3%), электр жабдығы (0,4%). Өсу автомобильдерге сұранысты ынталандыру және жүк вагондары мен локомотивтер өндірісі бойынша тапсырыстарды қамтамасыз ету есебінен қамтамасыз етілді. Алайда, COVID-19 таралуы және сатып алу көлемінің төмендеуі нәтижесінде мына секторларға әсер етті: компьютерлер өндірісі, электрондық және оптикалық өнім (-4,9%) және жөндеу және орнату (-3,7%).

## Өңірлер кесінінде машина жасау саласында 2020 жылғы қаңтар-қарашадағы өндіріс көлемі, млрд теңге

Сала ҚР барлық облыстарында бар, 2 өңірде (ақшалай көріністе) аз шоғырланған: Қостанай облысы және ШҚО




НЕГІЗГІ ӨНІМ  
ТҮРЛЕРІНІҢ  
ӨНДІРІСІ



**Машина жасау өнімінің негізгі түрлерінің 2020 ж. қаңтар-қарашада  
2019 ж. осы кезеңмен салыстырғанда өндіріс көлемі**


*Автокөлік құралдары мен т/ж машина жасау өнімдері өндірісінің өсуі*



■ 2019 қаңтар-қараша (100%)  
■ 2020 қаңтар-қараша

САУДА  
КӨРСЕТКІШТЕРІ

Экспорт, в млн долл. США




Жиынтықтауыш құралдарды жеткізуді кешіктіру, негізгі сауда-серіктес елдер экономикасының төмендеуі және пандемия нәтижесінде ішкі нарықта сатып алу қабілетінің төмендеуі және мұнай бағасының түсуі саланың сауда айналымының нашарлануына әсер етті:

## Экспорт

Экспорт көлемі 2020 ж. 10 айда өткен жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 4% төмендеді. Мойынтірек экспорты 1,6 есе, әр түрлі арматура экспорты 2,4 есе, салмағы 1500 кг артық ұшақтар экспорты 1,7 есе төмендеді.

Импорт, в млн долл. США



## Импорт

Импорт көлемі 2020 ж. қаңтар-қазанда 2019 ж. қаңтар-қазандағы көрсеткішпен салыстырғанда бұрынғы деңгейде сақталып қалды. Импорттлатын өнімні ақшалай көріністе аздаған үлесін ауа сорғылары, құбыр желісіне арналған арматура, телефон аппараттары, салқындатқыш және мұздатқыш жабдықтар, олардың бөлшектері, резервуарлар, қазандықтар және ыдыстар құрады.

### Машина жасау өнімі негізгі түрлерінің 2020 жылғы қаңтар-қазандағы экспорт/импорты

| Экспорт өнімі   | мың АҚШ долл. | Өлшем бірлігі | Импорт өнімі  | мың АҚШ долл. | Өлшем бірлігі |
|---|---------------|---------------|---|---------------|---------------|
| Салмағы 15000 кг артық ұшақтар және басқа да ұшу аппараттары  | 155505        | 351           | Ауа немесе вакуумды сорғылар, газ немесе ауа компрессорлары                           | 1183574       | 28097         |
| Т/ж арбалар, біліктер және доңғалақтар, т   | 84862         | 42083         | Салқындатқыш немесе мұздатқыш жабдықтардың бөлшектері                                 | 833254        | 18576         |
| Цилиндр көлемі 1500 см <sup>3</sup> артық, бірақ, 3000 см <sup>3</sup> артық емес көлік құралдары, дана | 76025         | 3 467         | Салқындатқыш және мұздатқыш басқа да жабдықтар  | 821862        | 21036         |
| Дизель-электр локомотивтер, дана  | 48804         | 16            | Құбыр желісі, қазандық, резервуар және осыған ұқсас басқа ыдыстарға арналған арматура | 642902        | 25577         |
| Тік бұрышты немесе басқа формалы электр аккумуляторлары, т  | 41706         | 24903         | Телефон аппараттары   | 551730        | 1140          |

## САЛАДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР МЕН ОҚИҒАЛАР. ҚАЗАҚСТАН



### Алматыда Hyundai жеңіл автомобильдерін жинау бойынша зауыт ашты

Қазақстан Премьер-министрі Асқар Мамин Алматыда Hyundai маркалы жеңіл автомобильдер өндірісін бастауға рұқсат берді, - деп хабарлайды үкімет басшысының баспасөз қызметі. Телестрой форматтың зауыттың ашылу салтанатына Корея Республикасының Сауда, индустрия және энергетика министрі Сон Юн Мо, Қазақстанның Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Бейбіт Атамқұлов, Hyundai Motor Company президенті Ли Вон Хи және Astana Group президенті Нұрлан Смағұлов қатысты.

Кәсіпорынның жобалық құаты бірінші кезеңде жылына 30 мың бірлікті құрайды, екінші кезеңде жылына 45 мың бірлікке дейін жеткізілетін болады. Жалпы инвестиция көлемі 28 млрд теңгеден асады. Зауытта аралас салаларды ескерумен 1 мыңнан артық жаңа жұмыс орны ашылды. Алдағы уақытта автокомпоненттер өндірісі жөніндегі зауыт ашу жоспарланған, бұл, 51% артық бейімделу мен ТМД елдеріне экспортқа шығуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Асқар Мамин Алматыда Hyundai автомобильдері өндірісін ашу әлемдік ірі автоөнеркәсіп көшбасшыларының бірі Hyundai Motor Company-мен өнеркәсіптік кооперацияны кеңейтудің, сондай-ақ, Қазақстанның Корея Республикасымен жемісті ынтымақтастықты тереңдетудің жарқын мысалы болып табылатындығын атап өтті.

Дереккөз: [www.vlast.kz](http://www.vlast.kz)



### Түркістан облысында тұрмыстық техника шығаратын болады. Барлық құқықтар қорғалған.

Artel компаниясы Түркістан облысында жыл сайын миллион тұрмыстық техника шығаруға ниетті. Орталық Азияда тұрмыстық техника және электроника тауарларын өндіру саласындағы көшбасшылардың бірі ТМД елдерінде және Қазақстан қалаларында ас үй плиталары мен басқа да көптеген заттарды табысты сатуда.

Жоба құны - 85 млн АҚШ доллары. «Қазақстан-өзбекстан ынтымақтастығы екі мемлекеттің дамуы үшін де маңызды. Елдер арасындағы тығыз байланысты екі мемлекет басшысы бастады және бірінші кезекте, біз достық қарым-қатынасқа негізделген осы ынтымақтастықты абыроймен жалғастыруымыз керек», - деп атап өтті Түркістан облысы әкімінің орынбасары Мейіржан Мырзалиев.

Ол осы жобаны іске қосу елімізде тұрмыстық техниканы импорт алмастыруға және «қарапайым заттар экономикасын» дамытуға қызмет ететіндігін атап өтті.

Artel компаниясы Түркістан облысында ас үй плиталары, кіріктірілген техника, қалыптау бұйымдары және электр сужылытқыш өндірісі жөніндегі зауыт салады. Жобаны екі кезеңде іске асырады, бұл, екі мыңнан артық жұмыс орнын ашуға көмектеседі. Бірінші кезең – жыл сайынғы құаты 2021 ж. аяғында 500 мың тұрмыстық техникамен ас үй плиталар өндірісін іске қосу. Екінші кезең - 2022 ж. аяғында электр сужылытқыштар өндірісі.

Дереккөз: [www.inform.kz](http://www.inform.kz)

## САЛАДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР МЕН ОҚИҒАЛАР. ӘЛЕМ



### Hyundai электромобиль өндірісі саласында Apple-мен ынтымақтастықты талқылауды бастады

Оңтүстік Кореялық Hyundai Motor Co Apple-мен алдын ала келіссөздер жүргізіп жатқандығын хабарлады. Жергілікті БАҚ деректері бойынша келіссөз электромобильдерге арналған аккумулятор батареяларын бірлесіп әзірлеуге қатысты. Korea Economic Daily TV ақпараты бойынша компаниялар 2027 ж. пилотсыз электромобиль әзірлеу және Hyundai немесе оның Kia Motors Corp еншілес компаниясына тиесілі АҚШ-тағы зауыттарында аккумуляторлар өндіру туралы келіссөздер жүргізуде. Келіссөздер бастапқы сатыда екендігі айтылды. Hyundai құжаттарында өндіруші «әр түрлі компаниялардан бірлесіп автономды электромобиль әзірлеу бойынша ынтымақтастық туралы сұраулар алуда» деп хабарланған. Алайда, онда Apple-мен жұмысқа тікелей сілтеме жоқ. IT-гигант та бұл хабарламаға түсінік бермеді. Hyundai және Apple әр түрлі автоөндірушілердің автомобильдеріне iPhone қосу үшін CarPlay бағдарламалық қамтуымен жұмыс жасауда. Талдаушылар Apple автомобильдер әзірлеу және өндіріс шығындарды азайту үшін Hyundai-мен жұмыс жасауға мүдделі деп санайды. Америкалық компаниялар арасында берік серіктестік қалыптасты, ал, олардың жұмыс күшіне шығындары корей өндірушілерінен едәуір жоғары. Сонымен қатар, оңтүстік корей компаниясы 2021 жылдың басында E-GMP платформасында өзінің алғашқы электромобилін шығаруы тиіс. н. Hyundai қазір аккумуляторларды SK Innovation Co Ltd, LG Chem Ltd және т.б. сатып алады.

Дереккөз: [www.habr.com](http://www.habr.com)



### Ресей Өнеркәсіптік сауда министрлігі өңірлерге өңірлік өнеркәсіптік инфрақұрылымды дамытуға 24 млрд рубльден артық сома бөледі

РФ Үкіметі индустриялық парктер мен өнеркәсіптік технопарктер ашу мен дамытуға жұмсалған РФ субъектілерінің шығындарын өтеу кезеңін 3 жылдан 5 жылға дейін ұзарту туралы өкімді бекітті, өтеу механизмі № 1119 қаулымен көзделген және осы өнеркәсіптік инфрақұрылым объектілерінің резидент кәсіпорындары қызметінен федералды бюджетке салық және кедендік түсімдер мөлшеріне тікелей байланысты. Үкіметпен бекітілген өкім Өнеркәсіптік сауда министрлігіне 2023 жылдың аяғына дейін Калуга, Самара, Воронеж, Новосибирск, Тюмень облыстары, сондай-ақ, Татарстан Республикасының бюджеттеріне 24,8 млрд. рубль мөлшерде қосымша өтем беруге мүмкіндік береді. Берілген өтем өңірлерге жұмыс істеп тұрған индустриялық парктер, өнеркәсіптік технопарктерді дамытуға қосымша инвестиция салуға және жаңа индустриялық парктер, өнеркәсіптік технопарктер ашуға мүмкіндік береді. Ресей Өнеркәсіптік сауда министрлігі 2014 жылдан бастап №1119 қаулы шеңберінде өңірлік өнеркәсіптік инфрақұрылым (индустриялық парктер мен өнеркәсіптік технопарктер) құруды қолдағандығын атап өткен жөн. 24,8 млрд рубль мөлшеріндегі өңірлерге қосымша өтемақы қаулыға 2020 жылғы 01 шілдеден бастап күшіне енген өзгерістер нәтижесінде мүмкін болды, оған сәйкес Ресей Федерациясы субъектілерінің индустриялық парктер мен өнеркәсіптік технопарктер жобалар құру және дамытуға жұмсаған шығындарын өтеу кезеңі 3 жылдан 5 жылға дейін ұзартылды; парктердің резидент кәсіпорындарымен төленген өтемақы мөлшерін есептеу кезінде ескерілетін қосымша құн салығының мөлшері 50 пайыздан 100 пайызға өсті.

Дереккөз: [www.promvest.info](http://www.promvest.info)